

Кіріспе. Курстың пәні, мақсаты, мазмұны

Экономика дегеніміз адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын адамзат қызметінің саласы және де ол барлық экономикалық ғылымдар үшін жалпы нысан болып табылады.

Кәсіпорын экономикасы - өндірістік факторлардың (меншікті, қарыз), өндірістік емес факторлардың (бала-бақшалар, емханалар, т.б.), айналым, дайын өнім, банктегі кәсіпорын есебіндегі ақша қаражаттарының, бағалы қағаздардың, меншіктің материалдық емес қорларынан (патент, лицензиялар, т.б.), өнімдерді сату (тарату) және қызмет көрсету нәтижесінен алынған пайда мен кірістердің жиынтығы.

“Кәсіпорын экономикасы” жеке дара экономикалық пән болып табылады.

“Кәсіпорын экономикасы” курсының оқу пәні - кәсіпорынның барлық шаруашылық қызметін өндіру, сипаттау, түсіндіру, шаруашылық шешімдерді әзірлеу мен қабылдау процесі.

Курстың мазмұны:

- ❖ кәсіпорын нарықтық экономиканың негізгі буыны;
- ❖ кәсіпорынның өндірістік құрылымы, өнеркәсіптік өндірістің типтері, өндірістік циклды ұйымдастыру;
- ❖ капиталды және кәсіпорын мүлкін жинау, қолдану. Негізгі және айналым қорларындағы қажеттілікті анықтау;
- ❖ өндірісті техникалық дайындау және қажетті өндірістік инфрақұрылым құру;
- ❖ кадрларды іріктеу, жұмысқа қабылдау, еңбекті ұйымдастыру, еңбекақы жүйесі, еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру;
- ❖ өндіріс шығындарының құрылуы, өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы, кәсіпорынның ақша саясаты;
- ❖ кәсіпорынның қаржы ресурстары, шаруашылық қызметтің тиімділігі, кәсіпкерліктегі тәуекелді бағалау;
- ❖ кәсіпорынның инновациялық қызметі, өнім сапасы, кәсіпорынның инвестициялық саясаты;
- ❖ кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі.

- Кәсіпорын — экономиканың даму сатысының негізгі бір бөлігі. Өйткені кәсіпорындарда қоғамға қажетті өнім шығарылады және қызметкерлер мен жұмыс құралдарының арасында байланыс орнатылады.
- Еркін өнеркәсіп кәсіпорны дегеніміз өндірістік-техникалық, ұйымдастыру – әкімшілік және шаруашылық еркіндігі бар өндіріс бірлігі.
- Кәсіпорындар белгілі бір өндіріс өнімін шығару үшін, не болмаса жұмыс атқару үшін, әр түрлі қызметтерді көрсету арқылы қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру және пайда табу мақсатында құрылады.

Кәсіпорынның нарықтық экономикадағы негізгі мақсаты

бәсекелесуге қабілетті өнім шығару арқылы неғұрлым көп пайда табу және ең аз шығынмен ең жоғары пайда табу негізінде сұранысқа ие және бәсекелесуге қабілеті бар өнім шығару болып табылады.

Өнеркәсіптік кәсіпорынның функциялары:

- ✓ өндірісте және жекелей тұтынылатын өнім шығару;
- ✓ тұтынушыға өнімді жеткізу және сату;
- ✓ өнімді сатып болғаннан кейін қызметті жалғастыру;
- ✓ кәсіпорындардағы өндірісті материалдық-техникалық жабдықтау;
- ✓ кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру және басқару;
- ✓ кәсіпорындағы өндіріс көлемін жан-жақты дамытып, ұлғайту;
- ✓ кәсіпкерлік;
- ✓ салыктарды төлеу, мемлекеттік бюджеттің және басқа да қаржы ұйымдарының міндетті және міндетгі емес төлемдерін етеу;
- ✓ мемлекеттік заңдарды, нормативтер мен стандарттарды орындау.

***Кәсіпорын – нарықтық
экономиканың негізгі буыны.
Түрлері, ұйымдастырушылық-
құқықтық нысандары, жіктелуі.***



Кәсіпорын



Кәсіпкерлік




Кәсіп ету

Кәсіпкерлік (Кәсіпкерлік қызмет)

➤ Азаматтар мен бірлестіктердің пайда алуға бағытталған және олардың тәуекел етуімен, сондай-ақ мүліктік жауапкершілігі негізінде жүзеге асырылатын ынталы дербес қызметі.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметтің субъектілері бола алады:

**ҚР
азаматтары**



**Шет ел
мемлекеттерінің
азматтары**

**Азаматтар
бірлестігі
(ұжымдық
кәсіпкерлер)**

Заңды немесе Жеке тұлғаға Кәсіпкер статусы
Мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін беріледі.
Тіркеусіз кәсіпкерлік қызмет іске асырыла алмайды.

Кәсіпорындар жіктелуі:

- Қызмет түрлері және сипаты бойынша**
- Кәсіпорын мөлшері бойынша**
- Капитал иелігі бойынша**
- Ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары бойынша**


Қызмет түрлері және сипаты бойынша жіктелу:

ӨНДІРІСТІК ӨНДІРІСТІК ЕМЕС

- Өнеркәсіптік



- Сауда




- Ауылшаруашылық



- Несие-қаржылық



- Көліктік



Кәсіпорынның өндіретін өнімі немесе қызметі түріне байланысты ажыратуға болады:

Салалық

Сала ішілік

**(автомобилжасау, аспаттар жасау өндірісі,
Машиножасау, көмір өндіруші)**

***Мөлшері бойынша жіктеу:
кәсіпорын мөлшері онда жұмыс істейтін
адамдар саны бойынша анықталады.***

**Шағын
(50 адамға дейін)**

**Орта
(50-ден-500-ге дейін)**

**Ірі
(500-ден жоғары)**

**Аса ірі
(1000-нан жоғары)**

Меншік нысандары бойынша жіктеу:

Жеке меншік

Мемлекеттік

Муниципалдық

Кооперативтік

**Меншіктің басқа нысандары
(аралас меншік,
шет ел азаматтарының меншігі)**

Капитал иелігі бойынша жіктеу:

Ұлттық

**Шет
елдік**

Аралас

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары бойынша жіктеу:


- Шаруашылық серіктестері
- Толық серіктестік
- Сенім серіктестігі (командиттік серіктестік)
- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- Жауапкершілігі қосымша серіктестік
- Акционерлік қоғам
- Өндірістік кооперативтер

Шаруашылық серіктестер

- Құрушылардың үлесіне бөлінген жарғылық капиталға ие коммерциялық ұйым.

Бірлестіктің сипатына және оның міндеттемелері бойынша қатысушылардың жауапкершілік деңгейіне байланысты кәсіпкерлер бірлестігі ажыратылады:

Тұлғалардың бірігуі
(фирманың ісін жүргізуге бірлестік мүшелерінің жеке қатысуына негізделген)



Капиталдардың бірігуі
(тек капиталдардың бірігуін қарастырады, кәсіпорынды басқару үшін арнайы орган құрылады)

Толық серіктестік

Бұл бір-біріне жеке сенім артқан заңды ұйымдардың немесе жеке адамдардың бірлестігі және бірлестік қатысушыларының бәріне серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздерінің барлық мүлкімен толық жауапкершілік жүктеледі. Қатысушылардың жарналық үлестері, алынған табыстар мен басқа да заңды көздер есебінен құралған серіктестік мүлкі ортақ меншік құқығы негізінде оның барлық қатысушыларына тиесілі. Жарғылық қоры 25 минималды есептік көрсеткіштен кем болмауы керек.



Сенім серіктестігі

Кәсіпкерлік қызметті іске асыру үшін біріккен екі немесе бірнеше тұлғалардың бірлестігі, мұнда қатысушылардың бір бөлігі серіктестік істері бойынша толық жауап береді (өз үлесімен және мүлкімен), ал басқалары тек өз үлестерімен ғана жауап береді.




Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

▪ Қатысушылары жарғылық қорға белгілі мөлшерле үлес қосатын бірлестік және қатысушылар жауапкершілігі серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің қосқан үлестері мөлшерімен шектеледі.

Үлес мөлшері құрылтай құжаттарымен анықталады.

Акционерлік қоғам

АҚ жарғы қоры бар кәсіпорын, оның капиталы көптеген жеке капиталдарды біріктіру нәтежисінде, акцияларды шығарып, сату арқылы құралады және оның пайдасын акционерлер дивиденд түрінде бөліседі. Қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілігі оның акцияларының құнымен шектеледі.



Өндірістік кооперативтер (артелдер)

Бұл бірлескен өндірістік немесе шаруашылық қызметін жүргізу үшін мүшелік негізінде құрылған азаматтар бірлестігі. Бірлестік мүшелері мүліктік пайлық үлестермен бірігеді және жеке еңбектік қатысуға негізделген.

Өндірістік кооператив меншігіндегі мүлік кәсіпорын жарғысына сай оның мүшелеріне пай бойынша бөлінеді.